

Бастауыш мектепке дейінгі кезең

(3-5 жас)

*Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие –
адам қалыптасуының алғашқы
баспалдағы. Бұл баланың әсерленгіш,
еліктегіш, ойлауды, сөйлеуді
меңгеруімен алғаш рет бөтен ортаға
бейімделуімен сипатталатын кезең.
Мектеп жасына дейінгі тәрбиенің
негізі бес жасқа дейін қаланады.*



**«Бес жасқа дейін
жүргізілген барлық
тәрбие ісіңіз - бүкіл
процесінің тоқсан
проценті», - деп
Жүсіп
Баласағұни
балалық
кезеңдегі тәрбиенің
маңызын анық
көрсеткен**

*Баланың ақыл – ойын
жүйелеу, ойлау қабілетін
жетілдіру, дәлдікке үйрету
шындыққа тәрбиелеу
мақсатында, сауаттылыққа
баулу - бүгінгі күн талабы*




Ойын арқылы бала өзін қоршаған ортамен, табиғатпен, қоғамдық құбылыстарымен, адамдармен, олардың еңбегімен, қарым – қатынастарымен танысады. Біз балалардың ойнай жүріп, анасының, әкесінің барлық мамандық иелерінің қызметтерін атқарып жүретінін байқаймыз. Мектепке дейінгі кезең біз

түсінгендей өмірдің тек алаңсыз кезеңі ғана емес, ересектерге олар тек киімі бүтін, қарны тоқ болса ойнап – күлуді білетін сияқты көрінеді.

Белгілі педагог А. С. Макаренко баланың өміріндегі ойынның атқаратын қызметі туралы: «Үлкендер үшін жұмыстың, қызметтің маңызы қандай болса, балалар үшін ойынның маңызы сондай болады» – деген.



A young girl with blonde, wavy hair is sitting at a desk. She is wearing a long-sleeved shirt with horizontal stripes in various colors. She has her chin resting on her right hand and is looking towards the camera with a slight smile. In front of her is an open book with white pages. Below the open book is a stack of three closed books with different colored covers (orange, blue, and white). A purple pen is lying on the desk to the right of the books. The background is a plain, light-colored wall.

Мектепке дейінгі кезең - баланың жеке тұлға болып өзін - өзі сезінуінің алғашқы сатысы, яғни, адамгершілік ақыл-ой және басқа да қасиеттерінің ең маңызды кезеңі. Баланың мәдениетті сөйлей білуі ай ішінде, балабақшада, отбасында алған білім тәрбиесіне байланысты. Біздің басты міндетіміз баланы жан - жақты дамыта отырып тілін дамыту. Сөздік қорларын байытумен қатар есте сақтау қабілеттерін арттыру. Баланың ана тілінде таза еркін сөйлеуін мектепке дейінгі кезеңде меңгертуге тиіспіз.



Ұлы педагог К. Д. Ушинский:

«Кімде кім баланың тіл қабілетін дамытқысы келсе, ең алдымен оның ой - өрісін қабілетін дамытуы тиіс» -деген

Кішкентай балалар тез еліктегіш жан – жағына алаңдағыш келеді. Сөзді мәнерлеп айтуда болсын, балалар тәрбиешіге, үлкендерге еліктейді. Тіл дамыту, көркем әдебиет оқу іс - әрекеттерін ойын арқылы өткізу адамгершілік мінез – құлықты қалыптастыруға ықпал етеді. Сәлемдесуге баулу, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеуге бейімдейді.



- **Тілді дұрыс меңгеру;**
- **Ауыз екі сөйлей білу;**
- **Көркемсөз үлгілерін үйрету және игерген білімдерін қолдана білу;**
- **Сөздік қорын молайту;**
- **Дыбыстарды анық айтуға үйрету**

Осы жобаларды меңгерген бала мектеп табалдырығын аттауға емін - еркін сөйлей алатын деңгейге жетеді



Мектеп жасына дейінгі бала көзбен көріп, таныған заттарды дұрыс қабыл, елестете алады. Сондықтан баламен сөйлескенде, әдеби шығармаларды оқығанда, оларға суреттер көрсетіп, әңгімелесу әсерлі болмақ. Шығарма мазмұнына немесе балалардың іс - әрекетіне, өмір табиғат құбылысына арналған көркем суреттер баланың сана - сезіміне, жүйелі сөйлеуге әсер етеді. Өмір

құбылысын нақты көріп тануға жол ашады.

Бала оқыған әңгіме, ертегі мазмұнын сурет арқылы тез қабылдап түсінеді. Сондықтан ертегі, әңгімелердің суреті айқын, шығарма мазмұнына сай болуын ескерген жөн. Баланың тілін, сана - сезімін жетілдіру, эстетикалық талғамын байытуда теледидар арқылы берілетін мультипликациялық фильмдерді көрсетіп әңгімелесу, оқылған шығармаға байланысты диафильмдер, компьютер қолдану пайдалы.





Балаға диафильм немесе теледидардан әр түрлі қызықты көрсетілімдерді көрсету қазіргі заманда өте қажет. Бала теледидар көріп отырғанда жан-жағындағылар дауыстап сөйлеп, әңгімелесу болмауын ескерген жөн. Көріп не тыңдап отырғанда бала жақсы түсініп, қабылдайтын болуы керек. Сонымен бірге баладан алған әсерін айтып беруге үйретіп отыру қажет. Бүгінгі күн талабы – баланың ақыл – ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойы жүйрік етіп тәрбиелеу.

Білім беру жүйесінің барлық сатыларының алдында тұрған көкейкесті мәселелерінің бірі – білім сапасын арттыру, оның әдістемесін жетілдіру, жас ұрпақтың тұлғалық ойлауын дамыту болып табылады.

Заман талабына сай жас ұрпақ тәрбиелеуде мектепке дейінгі бала тәрбиесімен айналысатын қызметкерлер, тәрбиешілерге жауапты міндет жүктеледі. Бұл міндетті кең байтақ республикамыздың барлық мектепке дейінгі мекемелерде қызмет атқаратын мамандар абыроймен атқарып келеді



Назарларыңызға рахм
